

"Педагогтердің аттестаттаудан өтуі үшін құжаттарды қабылдау" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізімі		
1.	Көрсетілетін қызмет берушінің атауы	Қостанай облысы әкімдігі білім басқармасының «Қостанай қаласы білім бөлімінің №1 кешкі мектебі» КММ
2.	Мемлекеттік қызмет көрсету тәсілдері	egov.kz "Электронды үкімет" порталы; "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны
3.	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі	Мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі: бір жұмыс күні
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған)
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ қойылған құжаттарды қабылдау туралы немесе мемлекеттік қызметті көрсетуден дәлелді бас тарту хабарламасы. Көрсетілетін қызметтің нәтижесі көрсетілетін қызметті алушының жеке кабинетінде көрсетіледі
6.	ҚР заңнамасында көзделген жағдайларда қызмет алушыдан алынатын төлем мөлшері және оны алу тәсілдері	Жеке тұлғаларға тегін
7.	Жұмыс кестесі	egov.kz "Электронды үкімет" порталы және "Ұстаз" педагогтің үздіксіз кәсіби дамуының ұлттық платформасы" ақпараттандыру нысаны арқылы: жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (қызмет алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек <a href="#">кодексіне</a> сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтердің тізбесі	1) өтініш; 2) білім туралы диплом (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 3) қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (бар болса); 4) қызметкердің еңбек қызметін растайтын құжат (ақпараттық жүйелерде мәліметтер болмаған жағдайда); 5) білім беру саласындағы уәкілетті органмен келісілген білім беру бағдарламалары бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өткені туралы сертификат; 6) берілген біліктілік санаты туралы куәлік және бұйрық (бұрын біліктілік санаты бар адамдар үшін); 7) кәсіби жетістіктерді және тәжірибені жинақтауды (таратуды) растайтын құжаттар; 8) білім алушылардың жетістіктерін растайтын құжаттар. 9) Эссе (250–300 сөз). Жеке басын куәландыратын құжаттар, білімі және еңбек қызметі туралы мәліметтер тиісті мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерінен электрондық үкімет шлюзі арқылы алынады. "Педагог-модератор", "педагог-сарапшы" біліктілік санаттарына аттестатталушылардың 3), 5), 6), 7), 8) тармақтарда көрсетілген құжаттары Платформада жинақталады.
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	1) мемлекеттік қызметті алу үшін қызмет алушы ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дәйексіздігі анықталған; 2) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, деректер мен мәліметтердің талаптарға сәйкес келмеуі; 3) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының <a href="#">8-бабына</a> сәйкес көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге ұсынылатын келісімінің болмауы.
10.	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда және Мемлекеттік корпорация	Аттестаттау оқу жылында 1 рет өткізіледі. Аттестаттауға өтініш білім беру саласындағы уәкілетті органдар айқындаған мерзімдерде қабылданады. Қызмет нәтижелерін кешенді талдамалық жинақтау ағымдағы оқу жылының қаңтар-тамыз айлары аралығында өтеді. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған:

арқылы көрсетілетін өзге де талаптар	www.edu.gov.kz. көрсетілетін қызметті берушінің ЭЦҚ, сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 77777, болған жағдайда порталдың "жеке кабинеті" арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері бойынша көрсетілетін қызметті берушінің анықтамалық қызметтерінің байланыс телефондары Министрліктің интернет-ресурсында орналастырылған: www.edu.gov.kz.
--------------------------------------	--